

Келісім-шарт нысаны

Келісімшарт № ____ « ____ » _____ 20 ____ ж.
білім беру қызметтерін көрсету туралы

Бір жағынан бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (24.08.2020 ж. № KZ36LAA00018662 мемлекеттік лицензиясы) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы - Ректор _____, және екінші жағынан бұдан әрі «Тыңдаушы» деп аталатын курстардың тыңдаушысы (тілдік даярлау, біліктілікті арттыру, педагогикалық қайта даярлау, микробіліктілік бағдарламалары, педагогикалық бейіндегі магистратура бағдарламалары)

(Т. А. Ә.)

осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1. «Орындаушы» өзіне міндеттемелер қабылдайды:

1.1. курстарды ұйымдастыру және өткізу (тілдік даярлау, біліктілікті арттыру, педагогикалық қайта даярлау, микробіліктілік бағдарламалары, педагогикалық бейіндегі магистратура бағдарламалары) және даярлау бағыты мен сағат санын (тілдік курстар үшін 100 балдық бағалау шкаласы бойынша қорытынды емтиханда алынған балдар саны көрсетіледі) көрсете отырып сертификат беру бойынша;

1.2. Тыңдаушыға _____.
(курстың атауы)

бағдарламасы бойынша білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін беру туралы

Курс _____ сағатты құрайды _____ мерзімде жалғасады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. 1. «Орындаушы» міндеттенеді:

(тыңдаушының Т.А.Ә.)

- ол 20 ____ - 20 ____ оқу жылына арналған баға прейскурантына сәйкес оқу басталғанға дейін (тілдік курстар, педагогикалық қайта даярлау курстары, микробіліктілік бағдарламалары, педагогикалық бейіндегі магистратура бағдарламалары жағдайында айдың басына дейін) төлем енгізген жағдайда қабылдауға;

- осы Шартты жасасу кезінде тыңдаушыны «Орындаушының» ішкі тәртіп қағидаларымен және «Орындаушы» мен «Тыңдаушының» өзара қарым-қатынасын реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілермен таныстыруға;

- сапалы дайындықты қамтамасыз етуге;

- тиісті оқу бағдарламасын анықтауға;

- тыңдаушылар үшін салауатты, қауіпсіз оқу жағдайларын жасауға;

- қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге.

2.2. «Орындаушы» тыңдаушыдан осы Шартқа және «Орындаушының» ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісінше орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін сақтауды, білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауды талап етуге; тыңдаушыға оқу тәртібін, осы Шарттың талаптарын, Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға; тыңдаушыдан «Орындаушының» мүлкіне (оның ішінде оқу-әдістемелік құралдарға: атап айтқанда, «Орындаушының» Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығында оқу уақытында тілдік курстардың тыңдаушыларына берілген оқулықтарға) ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу қағидаларын сақтауды талап етуге құқығы бар. Тыңдаушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда, оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуді талап етуге; тыңдаушымен шартты оның сабақтарды дәлелсіз себеппен жүйелі түрде өткізіп жіберуі кезінде бұзуға құқығы бар, бұл ретте төлем сомасы тыңдаушыға қайтарылмайды.

2.3. Тыңдаушы бағдарламаға сәйкес білімді игеруге, сабаққа жүйелі түрде қатысуға; сабақтарды дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда «Орындаушының» Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығының қызметкерлерін кемінде 3 күн бұрын хабардар етуге; «Орындаушының» ішкі тәртіп ережелерін сақтауға; білім беру ұйымының мүлкіне (оның ішінде оқу-әдістемелік құралдар

мен оқулықтарға) ұқыпты қарауға, оқу жинағын тиісті түрде мерзімінде қайтаруға, оқу жинағы жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның толық құнын өтеуге; «Орындаушының» Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығының оқытушыларына, қызметкерлеріне және басқа да білім алушыларына құрметпен қарауға міндеттеледі.

2.4. Тыңдаушының сапалы білім беру қызметтерін алуға; оқудың барлық кезеңі үшін шығыстарды алдын ала төлеуге, бұл ретте төлем мөлшері «Орындаушымен» келісу кезінде өзгертілуі мүмкін; оқу құралдарын пайдалануға; қосымша білім беру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіру мақсатында ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

3. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі

3.1. Тиісті мемлекеттік стандарт шеңберінде ұсынылатын білім беру қызметтері үшін төлем валютасымен теңге белгіленеді.

3.2. Төлем нысаны - тиісті төлемдерді білім беру ұйымының есеп шотына аудару.

3.3. Ай сайынғы төлем сомасы _____
(_____ барлық оқу кезеңіне _____ теңге).

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Осы Шарттың 2-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген мерзімде оқу ақысы төленбеген жағдайда, «Тыңдаушы» сабаққа жіберілмейді.

4.2. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

5.2. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Шарттың қолданылу мерзімі, талаптарын өзгерту тәртібі және оны бұзу

6.1. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол толық орындалғанға дейін қолданылады. Жаңа шарт жасасу кезінде жаңа шарт жасасу сәтінде белгіленген шарттар қолданылады.

6.2. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6.3. «Орындаушы» мынадай жағдайларда шартты орындаудан бас тартуға құқылы: а) егер Тыңдаушы осы Шарт бойынша қызметтерге ақы төлеу мерзімдерін бұзса; б) егер Тыңдаушы өзінің мінез-құлқымен «Орындаушының» басқа тыңдаушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін жүйелі түрде бұзса немесе «Орындаушының қызмет көрсету жөніндегі жұмысына кедергі келтірсе.

6.4. Осы Шарт екі данада жасалады, ал Тапсырыс берушінің қатысуымен мемлекеттік немесе орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар үш данада және бір данадан Тыңдаушыға және Тапсырыс берушіге беріледі, бір данасы «Орындаушыда» қалады.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері:

Орындаушы
"І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті" КЕАҚ
040000, Талдықорған қ,
Жансүгіров көшесі, 187а
СТН 531400011685
БСН 990140003041
ЖСК -KZ566010311000005234
КБЕ - 16
БИК: HSBKKZKX
ТРФ 319900 "Қазақстан Халық банкі"
АҚ, Талдықорған қ.
Басқарма Төрағасы-Ректор
Е. Бурибаев

Тыңдаушы

Т.А.Ә. _____

Мекен-жайы: _____

Жеке күәлік

№ _____

Берілді _____

ЖСН _____

Тапсырыс беруші
(бар болса)
